

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Железин ауданы Еңбекші ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 10 маусымдағы "Еңбекші селолық округінің Еңбекші селосы Ленин көшесінің аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 01 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Железин ауданы Еңбекші ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 9 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 10 қаңтарда № 26417 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағына сәйкес, Железин ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынысы негізінде, **ШЕШТІМ:**

1. Еңбекші ауылдық округінің Еңбекші ауылы Ленин көшесінің аумағында ауыл шаруашылығы жануарлардың құтыру ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитариялық іс-шаралардың жүргізілуіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Железин ауданы Еңбекші ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 10 маусымдағы "Еңбекші селолық округінің Еңбекші ауылының Ленин көшесінің аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 01 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3568 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Еңбекші ауылдық округінің әкімі

Т. Жумабеков